

Текелі қаласында жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жөнінде қосымша шаралар белгілеу туралы

Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 27 қаңтардағы N 3 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Текелі қаласының Әділет басқармасында 2010 жылы 03 наурызда N 2-3-77 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабының 1-тармағының 2-тармақшасына және 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 13) тармақшасын басшылыққа ала отырып Текелі қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес "Жастар практикасын" ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жөнінде қосымша шаралар белгіленсін.

2. Бұл қосымша шаралар бастапқы, орта және жоғары кәсіби оқу орындарын бітіруші жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін кеңейту және олардың практикалық тәжірибе, білім, әдет, дағдыларын алу мақсатында әзірленгені а н ы қ т а л с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Гүлмира Баяхметқызы Мауапашеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Текелі қаласының әкімі С. Бескемпіров

Текелі	қаласы	әкімдігінің	
2010	жылғы	27	қаңтардағы
"Текелі	қаласында	жұмыссыздықтан	
әлеуметтік	қорғау	жөнінде	
қосымша	шаралар	белгілеу	
туралы"	N	3	қаулысына
қосымша			

Текелі қаласындағы жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жөнінде қосымша шаралар белгілеу туралы

Текелі қаласында жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жөнінде қосымша шаралар Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5 бабына,

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 13) тармақшасына сәйкес бастапқы, орта және жоғары кәсіби оқу орындарын бітіруші жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналасу және олардың практикалық тәжірибе алу, білім, білік, дағдыларын үйрену мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында әзірленген.

1. Жалпы ережелер

1. Текелі қаласында жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар "Текелі қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі-Уәкілетті орган) бастапқы, орта және жоғары кәсіби оқу орындарын бітірген 18 бен 29 жас аралығындағы жұмыссыз жастармен (бұдан әрі-Жұмыссыз жастар) жұмыс жүргізу (бұдан әрі-Жастар практикасы) тәртібін ұйымдастыруды білдіреді.

2. Жастар практикасы Текелі қаласының кәсіпорындарында, мекемелерінде және ұйымдарында (бұдан әрі-Жұмыс беруші) ұйымдастырылып өткізіледі.

3. Уәкілетті орган еңбек нарығындағы жағдайды ескере отырып, жастар практикасына жіберу үшін жұмыссыз жастардың санын анықтайды.

2. Жастар практикасын ұйымдастыру

4. Уәкілетті орган қаржылық-экономикалық жағынан тұрақты, болашақта даму, өндірісін кеңейту перспективалары және Жастар практикасының қатысушыларын қабылдау мүмкіндіктері бар кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер (бұдан әрі ұйымдар) туралы ақпарат жинау жұмыстарын жүргізеді. Бұдан қоса Уәкілетті орган Жастар практикасын ұйымдастырудың және өткізудің шарттары туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпарат таратады, сонымен бірге жоғарыда аталған жұмыстың нәтижелері бойынша ұйымдарға Жастар практикасына қатысу жөнінде ұсыныс білдіріп, хабарлама жібереді. Ұйымның басшысы хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 3 күн ішінде іс тәжірибеге қабылданатын жұмыссыздардың шамалы санын немесе қатысудан бас тартқандығы туралы жауап береді. Жауап бермеу Жастар практикасына қатысудан бас тарту болып есептелінеді.

5. Уәкілетті орган үш күн ішінде тілек білдірген ұйымдармен жастар практикасын өткізу туралы келісім жасайды.

6. Жастар практикасына қатысу үшін жұмыссыз жастарға үміткерлер жұмыссыз ретінде Уәкілетті органға тіркеуге тұруы керек, үміткерлердің кәсіптік білімі және Жастар практикасынан өтуге келісімі болуы керек.

7. Уәкілетті органның мәліметі бойынша Жастар практикасын ұйымдастыру кезінде жұмыссыз жастарға лайықты жұмыстың болмауы.

8. Уәкілетті орган жұмыссыз азаматты бекітілген нысандағы жолдамамен Жұмыс

б е р у ш і г е

ж і б е р е д і .

9. Жұмыссыздарды Жастар практикасына алу туралы шешімді Жұмыс беруші қабылдайды. Жұмыс беруші жолдаманың жыртпалы талонын толтырып, Уәкілетті органның мекен-жайына жібереді.

10. Жұмы беруші жұмыссыздармен алты айдан аспайтын мерзімге еңбек шартын бекітеді және еңбек шартына еңбек ақы төлеу бюджет қаржысы есебінен жүзеге асырылатындығы туралы норма енгізеді. Еңбек шарты Қазақстан Республикасының Еңбек туралы Заңына сәйкес жасалады, онда жастар практикасына қатысушы мен жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттері көрсетілуі керек.

11. Жұмыссыздардың Жастар практикасына қатысуы Жастар практикасы басталған сәттен бастап 12 айлық кезеңде бір рет рұқсат беріледі және жұмыссыз ретінде тіркелген күніне сәйкес кезектік тәртібімен жүзеге асырылады.

12. Жұмыссыздарды Жастар практикасына алу туралы шешім қабылдау кезінде, жұмыс беруші жұмыссызды Жастар практикасына қабылдау туралы бұйрық шығарады. Жұмыссыз еңбек міндеттерін жүзеге асыру кезінде еңбек заңдарына сәйкес барлық құқықтарға ие болады және міндеттеме алады.

13. Жұмыссыздарды Жастар практикасы қабылдаған күннен бастап үш күн ішінде, Жұмыс беруші Уәкілетті органға практикаға қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін жібереді. Жастар практикасына қатысушыны қабылдаған жұмыс беруші әр айдың 25-не дейін Уәкілетті органға жұмыс уақытында есепке алу табелін, атқарылған жұмысы ж ө н і н д е а к т і с і н ұ с ы н а д ы .

14. Жастар практикасына қатысушы еңбек Заңын бұзған жағдайда, жұмыс беруші Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес шартты бұзуға құқығы бар.

15. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыссызбен шарт бұзылған кезде ол қабылдаған шешім туралы 3 күн ішінде уәкілетті органға хабарлайды. Жұмыссыз азамат практиканы тоқтату туралы шешім қабылдай алады. Бұл туралы Жұмыс берушіге және Уәкілетті органға 3 күн ішінде хабарлайды.

16. Шарттың мерзімі өткеннен кейін жұмыс беруші уәкілетті органға азаматты жұмысқа қабылдау немесе практиканың аяқталғаны туралы бұйрықтың көшірмесін, оның практикадан өтуі туралы пікірімен (ұсыныс) қоса жолдайды.

17. Жұмыс берушінің шешімі бойынша жұмыссыз азамат Жастар практикасының мерзімі аяқталмай тұрып тұрақты жұмысқа орналастырылуы мүмкін. Бұл жағдайда Жұмыс беруші Уәкілетті органға Жастар практикасына қатысушыны жұмысқа қабылдағаны туралы бұйрықтың көшірмесін жібереді.

3. Жастар практикасын қаржыландыру

18. Жастар практикасын қаржыландыру бюджет қаржысы есебінен "Жұмыспен қамту бағдарламасы" 002 бағдарламасы бойынша "Республикалық бюджеттен

әлеуметтік жұмыс орындары және жастар практикасы бағдарламаларының кеңейтуге ағымдағы нысаналы трансферттер" 103 кіші бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Жастар практикасына қатысушыларға ақы төлеуді Уәкілетті орган Жастар практикасына қатысушымен жасалған еңбек шартының негізінде нақты жұмыс атқарған уақыты үшін айына 20 мың теңгеден аспайтын мөлшерде төлейді.

20. Жастар практикасына қатысушылардың еңбек ақысын төлеуді Уәкілетті орган олардың жеке есеп шоттарына аудару арқылы жүзеге асырады.

*Текелі қаласының жұмыспен
қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімінің*

бастығы

Е. Абдалиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК